

УДК 336.7

**ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ НЕСИЕЛЕУДІ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ  
БАҒЫТТАРЫ**

**Маратова Гульнур Аянкызы**  
*t.nur\_k@mail.ru*


Л.Н.Гумилев ат. ЕҮҮ студенті, Нұр- Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Жамиева А.Е.

Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеуді жандандыру отандық экономиканы дамытудың ең өзекті мәселелерінің бірі. Себебі, олар арқылы әлеуметтік-экономикалық дамудың көптеген мәселелерін шешеді: өндіріс өнеркәсібін модернизациялауды және кеңейтеді, бәсекеге қабілетті өнімдерді шығарады, жұмыс орны санын өсіреді, халықтың әл-ауқатының жалпы деңгейін көтереді.

Шағын бизнес субъектілерінің жұмысына кедергі болатын мәселелердің екінші түрі

– жалпы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы. Яғни, АҚШ доллары бағамының тез өзгеретіндігі, макроэкономикалық жағымсыз өзгерістерге байланысты инфляция және жоғары тәуекелдер, әлемдік қаржы дағдарысының орын алуы және т.б.[1] Үшінші орында кәсіпкерлер несиені алу кезінде туындастын қыыншылықтар мәселесі. Шағын кәсіпкерліктің дамуына кедегі келтіріп отырған бұл мәселе субъектілердің өзінің инвестициялық және айналымдағы мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының жоқтығы болып табылады. Республика бойынша шағын және орта бизнес субъектілермен жүргізілген анонимді сауалнаманың мәліметтері бойынша, шағын бизнесің алдында тұрған ен негізгі мәселе-несиелік ресурстарға шығу жолының қыындығы. Төртінші мәселе – шикізатпен қамтамасыз етілуі мен өнімді өткізуі. Өнімді өткізу кезінде қыыншылықтардың пайда болуының бірден-бір себебі – бәсекелестік ортаның жоғарылылығы. Шағын кәсіпкерліктің дамуына кері әсер ететін басқа да факторлар шағын кәсіпкерліктің қызметін реттейтін қолданыстағы заннамадағы нормалардың жетілдірілмеген және кей жағдайда нақты нормалардың болмауы болып табылады, бұл әкімшілік кедегілерді ұлғайтуға әкеледі

Шетелдік нарықтық экономиканың тәжірибелері шағын кәсіпкерлікті дамытуды қолдауда лизингтік және франчайзингтік қарым-қатынастардың қолайлылығын да дәлелдеді. Біздіңше, шағын кәсіпорынның ірі орталық және шетелдік компаниялардың құрал-жабдықтарын, қаржы-қаражаттарын, технологияларын пайдалану арқылы даму да тығырықтан шығудың бір жолы іспетті. Алғашқы құрылу кезінде шағын бизнес несиесіз өз жұмысын атқара алмайды. Қазақстандағы шағын бизнесі дамыту факторлары 1-суретте көрсетілген.



Сурет-1. Қазақстандағы шағын бизнесі дамыту бағыттары

Дегенмен, зерттеу барысында шағын және орта бизнес алдында тұрған проблемалардың жеткілікті екендігі анықталды және олар терең ғылыми ізденісті талап етеді. Шағын және орта бизнестің дамуына көри әсер ететін бірқатар факторларды билайша топтауға болады:

1. Салық саясаты
2. Жалпы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы
3. Несие саясаты
4. Өнімді өткізу мәселесі
5. Шикізатпен қамтамасыз ету мәселесі
6. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қымыл

Барлығына мәлім, шет мемлекеттердің тәжірибелері көрсеткендей, кәсіпорынды несиелеудің кең таралған көздерінің бірі – коммерциялық банктердің несиелері болып табылады. Банктік несиеге деген сұраныс күннен-күнге өсуде, ал оған шағын бизнес субъектілерінің қол жеткізе алмауы көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр. Әлеуметтік-экономикалық ақпарат және жобалау институты жүргізген сауалнама бойынша

Қазақстан Республикасында енді ғана жанданып келе жатқан шағын бизнеске несие беретін субъект – екінші деңгейдегі коммерциялық банктер болып табылады. Коммерциялық банктер көбінесе заңды тұлғаларды және қысқа мерзімді несиелеуді жақтайтыны – тарихи қалыптасқан жағдай. Қазақстандық шағын және орта бизнес субъектілерінің екінші деңгейдегі банктерден коммерциялық несиелер алуды кәсіпорындарды дамыту үшін қаражаттарды толықтырудың іс жүзіндегі негізгі көздерінің бірі болып табылады.

Қазақстанның шағын бизнес субъектілерінің 84% несиеге тәуелді екендігін көрсеткен [2].

Қазіргі кездегі республикадағы шағын және орта бизнесті несиелеуді дамытуға кедері болып отырған негізгі факторлар мыналар:

- несие алу барысындағы шарттардың қатал болуы;
- несиенің мерзімі мен пайыздық ставкаларының бизнеске қолайсыздығы;
- несиені рәсімдеу процедурасының ұзактылығы және оны сақтандыру қажеттігі;
- коммерциялық банктердің кепілге қоятын талаптарының жоғарылығы;
- әлемдік несие нарықтарындағы дағдарыстар әсерінен несиелік ресурстарға қол жеткізу қындықтары және коммерциялық банктердің жеке ресурстарының аз болуы;
- мемлекеттік инвестициялық-несиелік институттардың ресурстарының тиімсіздігі;
- мемлекеттің казына қоры арқылы шағын және орта бизнесті несиелеуге бөліп отырған қаражатының аз болуы және оның шарттарының қолайсыздығы.

Банктер кез келген уақытта, қарыз алуға ниет білдірген субъектілерді несиелеген кезде пайда болатын несиелік тәуекелге ұшырайды. Жалпы отандық несиелеу тәжірибесі көрсеткендей банктердің кәсіпорындарды қаржыландыру кезінде келесідей факторлар өз әсерін тигізеді (1-кесте).

**Кесте 1 - Банктердің кәсіпорындарды несиелеуге әсер ететін факторлардың топтамасы**

Банк түрғысынан	Кәсіпорын түрғысынан
1. Кепілзатпен қамтамасыз етудің болмауы	1. Несиеге деген жоғары пайыздық мөлшерлеме
2. Несиені қамтамасыз етудің өтімсіздігі	2. Несиелердің қысқа мерзімділігі
3. Қарыз алушы-кәсіпорынның қанагаттанғысыз қаржылық жағдайы	3. Несиені өтеу кезінде жеңілдік кезеңінің жоқтылығы
4. Қарыз алушы-кәсіпорынның ақпараттық жабықтылығы	4. Құжаттарды дайындау процедурасының ұзактылығы
5. Қарыз алушы-кәсіпорынның нақты	5. Кепілдің бағалау құнын оның нарықтық

несие тарихы туралы ақпараттарға қол жетпеушілік	құнынан кемітіп көрсетуі
6. Банк менеджерлерінің ұзақ мерзімді несиелермен жұмыс істеу тәжірибесінің жоқ болуы	6. Кәсіпорын менеджерлерінің ұзақ мерзімді несиелерді рәсімдеу бойынша жұмыс істеу тәжірибесінің жоқ болуы

Шағын және орта бизнестің күрделі мәселелерінің бірі – несиелік ресурстарды алушың қиындығы. Өйткені, несие алу үшін кепілге қоятын мүлік, бизнес-жоспар дайындауда қыншылықтар жеткілікті.

Сонымен қатар, шағын және орта бизнесті несиелеудің және қаржыландырудың мынадай жүйесін құруды ұсынуға болады:

1. Ең басты міндет – ол шағын және орта кәсіпорындарын несиелеу мен қаржыландыру көлемін ұлғайту;

2. Елдің барлық аймақтарында несиелік мекемелердің желісін кеңейту бойынша нақты шараларды қолға алу;

3. Шағын бизнес субъектілерінің қарыз қаражаттарға қол жеткізу мүмкіндіктерін құру үшін Үкімет, өкіметтің аймақтық органдары шағын және орта бизнес кәсіпорындары алатын несиелердің кепілдендірілген жүйесін құру;

4. Банк қызметін қайта құру керек. Мемлекеттің шағын және орта бизнесті несиелеу мен қаржыландыру бойынша саясатын жүргізуге маманданған банктер мен қаржы ұйымдарының жүйесін қалыптастыру [3];

Аталған мақсаттарды орындау үшін шағын кәсіпорындарға берілетін несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені қаражаттандыру бағдарламасын жүзеге асыру кезінде бюджеттің барлық деңгейдегі қаражаттарын бөлу керек. Сонымен қатар, соманың қайтарымдылығына кепіл беретін сақтандыру қорының жүйесі болуы шарт.

Шағын және орта бизнесті несиелеуді қолдауда кешендік көзқарастың қажеттілігі ұзақ мерзімдік тұрақтылықтың кепілі бола алады.

Шағын кәсіпкерлікти дамытуда лизингтік несиелендіру қомегімен өндірісті қалыпқа келтіруге болатыны шетел тәжірибелерінен белгілі. Лизинг қомегімен кепілге беретін мүлкі жоқ ұсақ қәсіпорындарды несиелеуге болады. Лизингтік мәміле жасалған мерзім бойынша лизинг объектісі лизингке берушінің меншігінде қалады да, лизинг алушы банкротқа ұшыраған жағдайда несиелік тәуекел деген болмайды. Лизинг 100% несиелеуді ұсынады, кәсіпорынға қысқа мерзім ішінде өзінің меншікті капиталын жұмсамай-ақ, жаңа құрал-жабдықты пайдалана отырып, өнеркәсіптік өнім шығаруға және пайда табуға мүмкіндік береді. Құрал-жабдықтың лизинг берушінің меншігінде болатындығына байланысты өнімнің құнына лизингтік төлемдер ғана қосылып, мүлікке салынатын салықты жалға берушінің өзі төлейді. Сөйтіп, лизинг алушы салықтық женілдіктер алады. Мұның барлығы шағын кәсіпкерлікти дамытуға өз үлесін қосады [4].

Бүгінгі танда еліміздегі отандық лизингтік компаниялардың сырттан қаражаттар тарту мүмкіндігі жылдан-жылға ұлғайып келеді деуге болады.

Қазіргі уақытта экономика салаларына банктік сектордан бөлініп отырған орта және ұзақ мерзімді несиелердің үлес салмағының жоғырлауы еліміздің экономикалық өсуіне әсер етеді деген қорытынды шығаруға болады. Сонымен бірге, лизингтік операциялардың ұзақ мерзімді сипатта болатындығын ескерсек, онда бүгінгі танда лизингтік компаниялардың коммерциялық қызметінде және отандық лизингтік нарықтың стратегиясы мен тактикасын қалыптастыруда банктік несиелердің маңыздылығы артуда. Мұндай жағдай лизингтік компанияның банк алдындағы төлемдік міндеттемелерін өз уақытында орындаудың және өтімділік деңгейін қамтамасыз етуін талап етеді.

### Колданылған әдебиеттер тізімі

1. Шағын және орта бизнесті, фермерлік шаруашылықтарды дамытуды, жұмыс орындарын құруды несиелендіру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің каулысы

2010 жылғы 12 ақпандағы № 104

2. Программа кредитования малого бизнеса по кредитной линии Европейского банка Реконструкции и Развития // Банки Казахстана, 2015. -№3.-с.9-10.

3.ҚР Президентінің Халықта жолдауы «Қазақстан 2050 стратегиясы.

4.Бизнестің жол картасы -2020